Нөсерлеп төккен жыр-ғұмыр

Тобыл өңірінде көрнекті ақын, журналист, аудармашы Ғаббас Жұмабайұлының 100 жылдығы аталып өтті. Қаламгердің кіндік қаны тамған Меңдіқара ауданында басталған мерейтой Қостанайда жалғасын тауып, облыстық «Қостанай таңы» газетінің ғимаратында майдангер қаламгерге арналған мемориалдық тақта ашылды.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Мерейтойдыңалғашқы күні Меңдіқара ауданының орталығы Боровской ауылындағы Ғаббас Жұмабайұлы атындағы мектеп-гимназияда көпқырлы дарын иесінің өмірі мен шығармашылығын арқау еткен еске алу кеші өтті. Кеш барысында мектеп оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқып, қаламгердің поэзиясын, аудармаларын, көсемсөздерін зерттеп-насихаттауға бағытталған ғылыми жобаларын қорғады. Айтулы іс-шараға Алматы, Астана қалаларынан арнайы келіп қаржылай демеу көрсеткен ақынның ұрпақтары, өнір зиялылары қатысып, қаламгер туралы қызықты естеліктер айтты. Кеш қонақтары мектеп жанындағы Ғаббас Жұмабайұлы мұражайын аралап, ақынның өз қолымен салған анасының портретін, табиғат суреттерін, көзі тірісінде тұтынған бұйымдарын, жинаған қаламсаптарын тамашалады. Одан кейін мектеп алдындағы ақын мүсініне гүл қойып, аудандық мешітте рухына дұға бағыштады.

Сұрапыл соғыстан оралған соң, ауыл мектебінде екі жылдай мұғалім болып, бала оқытқан ақын 1947–1955 жылдар аралығында бұрынғы «Большевиктік жол», қазіргі «Қостанай таңы» газетінде Сырбай Мәуленовпен қатар қызмет етеді. Бұл кезеңнің куәсі – бала Ғаббаспен бірге өскен ауылдас інісі, бүгінде 96 жастағы Өтеген Қошанов ақсақал.

«Менің апамды Ғаббастың ағасы алған. Екеуміз бір үйде өстік. Ғабаң соғыстан оралған соң, 1947 жылы осы облыстық газетке қызметке кірді. 9-сыныпта оқып жүрген кезім. Қостанайға іздеп келгенім бар, сонда жататын орын жоқ, төрт-бес орындықты қатар қойып осы редакцияға қондық. Қай жерде жалқау басқарма бар, қай жерде дұрыс егін егілмейді, соның бәрін жазып, облыстың экономисіне тапсырма берген адам. Мал бақпағандар мал бағу керек, қолымызда қыруар мал бар, олай болса, сүт пен ет қайда деп мақала жазған кісі», дейді көнекөз қария.

Қаламгер 1959 жылы Алматы қаласына біржола орнығып, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында бөлім басқарады. «Ара-Шмель» журналында фельетоншы болып қызмет атқарады. «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы міндетін атқарды. Осы жылдары қаламгер қазақ руханиятының белді өкілдерімен үзеңгі қағыстыра жүріп, ұлт әдебиеті мен мәдениетіне зор еңбек сіңірді. Артына көл-көсір мұра қалдырды. Сөз зергерінің үлкен ұлы Төленді Жұмабаевтың айтуынша, Ғаббас Қасым Тоғызақов, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков сынды дауылпаз ақындармен қимас дос болған. Жиі араласып тұрған. Қаламгер өмірден озған қаралы күндерде де артында шиеттей бала-шағасы қалған ақынның отбасына түскен қайғы-қасіретті осы кісілер көтеріскен.

«Әкем жұртпен араласқанды жақсы көретін. Латиф Хамиди, Ахмет Жұбанов сынды әйгілі композиторлармен, Дихан Әбіловпен, аудармашы Жекен Жұмахановпен, Қайнекей Жармағанбетовпен, Қуандық Шаңғытбаевпен жақсы араласты. Қуандық аға өте қызық адам болатын. Бізге неше түрлі фокус көрсетіп, мәз-мейрам қылатын. Жалпы, үйге келген адамдардың бәрі балажан еді, бізге көңіл бөліп, оқуың қалай деп біраз әңгімелесіп отыратын. Бала кезімде «Папа-ау, қазір майданнан оралған жазушылардың бәрі соғыс туралы жазып жатыр. Сіз неге жазбайсыз?» дегенімде, «Балам-ау, ол жақта әкең өлімнен басқа не көрді дейсің. Соғыс түсіме кірсе, әлі күнге дейін түн ұйқымнан шошып оянам. Сондықтан ұмытуға тырысамын, жазбаймын, қолынан келгендер жазса, жаза берсін», дейтін. Әкем жазуға түнде ғана отыратын. Кейде түн ортасында «Ләтипа! Ләтипа!» деп айғай сап анамды шақыратын. Анашым «ойбай, не болды» деп жүгіріп барады. Сонда «мынаны тыңдап көрші» деп сиясы кеппеген жаңа өлеңін оқып беретін», дейді Төленді аға.

Ақынға арналған ескерткіш тақтаның ашылу рәсіміне өнір зиялылары, облыс әкімдігінің

өкілдері, сөз зергерінің алыс-жақынынан келген ұрпақтары, туыс-туғандары қатысты. Салтанатты жиында сөз алғандар қабырғалы қаламгердің ұлт руханиятына сіңірген еңбегін сөз етті.

«Ағартушы Ыбырайдың ісін жалғаған Спандияр Көбеевтің аядай ғана Ақсуат деген ауылынан талай тұлға шықты. Солардың бірі екі тілдің шешені, көсемсөздің көсемі болған Ғаббас ағамыз еді. Ғаббас ағамыз туралы көп айтуға болады. Ол кісінің жазушылық, ақындық, журналистік еңбегінің сыртында қайраткерлігі, әсіресе Л.Толстойдың «Крейсер сонатасын», К.Хетагуровтың, М.Шолоховтың, О.Бальзактың, басқа да Латын Америкасы мен Африка елдерінің көптеген жазушысының еңбектерін қазақша сөйлеткен аудармашылығы бір төбе. Ғафу Қайырбековтің Ыбырайға арнаған «Дала қоңырауы» поэмасының жолма-жол аудармасын он күннің ішінде жасап шыққан. Ғабит Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» романдарын орыс тіліне тәржімалаған. Ағамыздың аруағы алдында тағзым етеміз», деді Ақылбек Қожаұлы.

Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы төрағасы, ардагер журналист Жанұзақ Аязбеков те тағылымды іс-шарадан алған әсерін көпшілікпен бөлісіп, жиылған жұртшылықты одақ басшылығының атынан құттықтады.

«Екі күн бойы керемет тойдың куәсі болып отырмыз. Мені қуантқаны, мектеп оқушылары, жас өскіндер ғаббастанудың алғашқы бетін ашқандай болды. Жүз жылдықта өмірбаянын ғана емес, шығармаларын, мұрасын зерттеуге, бойға сіңіруге керемет қадамдар болды. Расында, ағамыз көп оқылуға, насихатталуға тиіс қаламгер. Аудармашылығына тіптен сөз жетпейді. Ерекшелеп айтары, ағамыздың қазақ тіліне уызынан жарығанын кез келген аудармасынан байқауға болады. Мысалы, «Крейсер сонатасын» өте шұрайлы аударған. Сондағы «курящий» деген сөзді «шылымпаз» деп қазақшалапты. Көзі алақ-жұлақ етіп отырған кейбір кісілердің мінезін «жайнаңкөз» дейді. Мұндай тапқыр, ұтқыр сөздерден көп мысал келтіруге болады. Тілеріміз – ағамыздың мұрасы көмескі тартпай, ұрпақтан-ұрпаққа жете берсін! Бүгін аруағы бір аунап түсіп жатқан шығар», деді Жанұзақ Аязбеков.

Іс-шара Н.Островский атындағы қалалық кітапханада «Нәсерлеп төккен жыр-ғұмыр» атты дөңгелек үстел отырысына ұласты. Кітапхана ұжымы ұйымдастырған жиында ақынның шығармашылығы туралы әңгіме өрбіп, өлең-жырлары оқылды. Аға буын өкілдері алдағы уақытта Ғаббас Жұмабайұлы атындағы облыстық, республикалық байқау өткізу, қаламгер шығармаларының электронды нұсқасын жасау туралы ұсыныс айтып, арнайы қаржы жинап, осы мерейтойды басынан аяғына дейін жоғарғы деңгейде ұйымдастырған қаламгердің ұрпақтарына, туыстуғандарына алғыс білдірді.

Қостанай облысы